

ҚАРЖЫ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ ЗИЯНДАРЫН ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ТАРИФТЕРІ

1. Қызметтік міндеттерін орындау кезіндегі банк қызметшілерінің салғырттығымен, қылмыстық іс-әрекетімен (алаяқтығымен) байланысты тәуекел;

2. Банк ғимаратындағы ақшалай белгілерді, асыл тастарды, металлдарды, бағалы қағаздарды, сақтандыру полистерін, бухгалтерлік кітаптарды және т.б. жымқырумен, жоюмен немесе бүлдірумен байланысты тәуекел;

3. Инкассация кезінде ақша және бағалы нәрселерді жоғалтумен байланысты тәуекел;

4. Ақша құжаттарын және бағалы қағаздарды (чектер, вексельдер, депозит сертификаттары, акциялар, облигациялар, кепілнама, кепілдіктер, кассалық ордерлер, т.б.) қолдан жасаумен байланысты тәуекел;

5. Банктің жалған ақшалай белгілерді қабылдауымен байланысты тәуекел;

6. Компьютерлік алаяқтықпен (электронды ақпаратты қылмыстық жүргізу немесе бұрмалау) байланысты тәуекел;

7. Пластик карточкалармен жасалатын қылмыстармен байланысты тәуекел.

Сақтандыру тарифінің мөлшерін өзгертуде (саралауда) негізге алынатын өлшемшарттар тізбесі, сондай-ақ банк институттарын кешенді сақтандыруға қатысты осындай өзгерістердің мәндері

Өлшемшарт	Өзгерістер мәні
Ақпараттың жариялылығы және адалдық	0.90-нан 1.30-ға дейін
Кредит тарихы және банктің беделі	0.85-тен 1.50-ге дейін
Халықаралық рейтинг агенттіктерінің рейтингі	0.90-нан 1.50-ге дейін
Банктің негізгі акционерлері/ пайшылары	0.90-нан 1.25-ке дейін
Басқару қағидаттары, кадр саясаты	0.90-нан 1.40-қа дейін
Банк персоналын бағалау	0.85-тен 1.15-ке дейін
Күзет және қауіпсіздік шаралары	0.80-нен 2.00-ге дейін

Осы топ бойынша тарифтер кестесі

Тәуекелдер тобы	Ең төменгі тариф	Негізгі тариф	Ең жоғарғы тариф
1-тәуекел	0,37%	0,98%	11,54%
2-тәуекел	0,09%	0,24%	2,83%
3-тәуекел	0,59%	1,55%	18,25%
4-тәуекел	0,58%	1,52%	17,90%
5-тәуекел	0,04%	0,11%	1,30%
6-тәуекел	1,33%	3,50%	41,21%
7-тәуекел	0,57%	1,49%	17,54%

II. Қаржылық-экономикалық тәуекелдер

Келесі қаржылық-экономикалық тәуекелдер біртектес сипатқа ие және бір-бірімен, сондай-ақ экспорттық кредит және банк тәуекелдерімен тығыз байланысты, сондықтан оларға олардың тарифтері қолданылады:

1. Инфляциялық, дефляциялық тәуекелдермен байланысты тәуекел;

2. Баға және валюта тәуекелдерімен байланысты тәуекел;

3. Өтемділік тәуекелдерімен байланысты тәуекел;

4. Пайыз тәуекелдерімен байланысты тәуекел;

5. Кредит тәуекелдерімен байланысты тәуекел;

6. Банкроттық тәуекелдерімен байланысты тәуекел;

7. Банктің мерзімдік депозиттік салымдар мен шоттардағы ақшаны төлемеуімен байланысты тәуекел.

Сақтандыру тарифінің мөлшерін өзгертуде (саралауда) негізге алынатын өлшемшарттар тізбесі, сондай-ақ қаржылық-экономикалық тәуекелдерге қатысты осындай өзгерістердің мәндері

Өлшемшарт	Тәптіштеу	Өзгерістер мәні
Рейтинг		0.90-нан 1.10-ға дейін
Иелері туралы жалпы мәліметтер	Негізгі акционерлер/пайшылар	0.95-тен 1.05-ке дейін
	Нақты меншік иелері	0.95-тен 1.05-ке дейін
Басқару	Басқаруды жүзеге асыратын ресми және нақты тұлғалар	0.95-тен 1.00-ге дейін
	Басқару қағидаттары	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Кадр саясаты	0.95-тен 1.05-ке дейін
	Персоналды бағалау	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Ақпараттық саясат	0.95-тен 1.00-ге дейін
	Адалдық және жариялылық	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Салық саясаты	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Мүдделі тұлғалармен (акционерлермен, қызметкерлермен, клиенттермен, қоғаммен, мемлекеттік құрылымдармен) арадағы өзара қатынастар	0.95-тен 1.05-ке дейін
	Кредит тарихы және бедел	0.95-тен 1.10-ға дейін
Нарықтағы позициялар	Қызмет бағыттарын бағалау	0.95-тен 1.00-ге дейін
	Маркетинг саясаты	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Баспасөзде жария етілген жоспарлар	0.95-тен 1.00-ге дейін
Саяси ресурстар және тәуекелдер	Саяси байланыстардың болуы, олардың кәсіпорынның дамуына ықпалы	0.95-тен 1.05-ке дейін
Меншікті капитал және оның динамикасы	Капиталдың құрылымы мен жеткіліктілігі	0.90-нан 1.10-ға дейін
	Баланстық және нақты капиталдың сәйкестігі	0.90-нан 1.10-ға дейін
Міндеттемелердің құрылымы және динамикасы	Ресурстық базаның шоғырлануы	0.95-тен 1.05-ке дейін
	Тартылған ресурстардың тұрақтылығы, орнықтылығы	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Құрылымына қарай ресурстардың ықтимал құнын бағалау	0.95-тен 1.10-ға дейін
Активтер сапасы	Активтердің құрылымы және динамикасы	0.90-нан 1.05-ке дейін
	Кредиттік портфельді және кредиттік саясатты бағалау	0.90-нан 1.10-ға дейін
	Банкаралық операциялар мен бағалы қағаздар портфелін бағалау	0.90-нан 1.10-ға дейін
	Жасырын зияндарды анықтау	0.95-тен 1.05-ке дейін

	Активтердің шоғырлануын және тәуекелділігін бағалау	0.95-тен 1.10-ға дейін
Пайда әкелуі	Кірістер мен шығындардың құрылымы, оның баланс құрылымына сәйкестігі	0.90-нан 1.05-ке дейін
	Пайда әкелетін орталықтарды анықтау	0.95-тен 1.05-ке дейін
	Кірістердің сапасы мен тұрақтылығын бағалау. Активтердің жұмысының және капиталдың пайдаланылуының тиімділігі	0.95-тен 1.05-ке дейін
Нарық тәуекелдерін сезгіштігі	Валюталық, пайыздық, бағамдық және өзге нарықтық тәуекелдер	0.95-тен 1.10-ға дейін
	Активтер мен міндеттемелердің шоғырлану тәуекелі	0.95-тен 1.10-ға дейін
Өтемділігі	Өтемділік деңгейін бағалау	0.90-нан 1.10-ға дейін
	Өтемділік көрсеткіштерінің динамикасы	0.90-нан 1.10-ға дейін
	Өтемділікті қолдау көздері: қолданыстағы және әлеуетті	0.90-нан 1.05-ке дейін

Осы топ бойынша тарифтер кестесі

Тәуекелдер тобы	Ең төменгі тариф	Негізгі тариф	Ең жоғарғы тариф
1-тәуекел	0,12%	1,13%	11,28%
2-тәуекел	0,09%	0,91%	9,09%
3-тәуекел	0,10%	0,97%	9,69%
4-тәуекел	0,08%	0,82%	8,19%
5-тәуекел	0,17%	1,68%	16,77%
6-тәуекел	0,12%	1,13%	11,28%
7-тәуекел	0,13%	1,26%	12,58%